## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 248 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына , "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес және материалдық әрі моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 13 538 887 (он үш миллион бес жүз отыз сегіз мың сегіз жүз сексен жеті) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 248 қаулысына қосымша

## Азаматтық істер бойынша орындалуға жататын сот шешімдерінің тізбесі

| Р/с N | Сот органының атауы және шешімнің күні | Талапкердің Т.А.Ә. | Мемлекеттік бажды шегергендегі сома (теңге) | Мемлекеттік баж (теңге) |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Алматы қаласы Әуезов аудандық соты Ақсай сот учаскесінің 14.11.2000 ж. шешімі Алматы қаласы Әуезов аудандық соты Ақсай сот учаскесінің 12.07.2001 ж. ұйғарымы | В.А. Тупилин<br>А.В. Тупилин | 386 957<br>391 957 | - |
| 2. | Тараз қалалық сотының 18.06. 2002 ж. N 2 шешімі | К.А. Исманов | 20 412 | - |
| 3. | Шығыс Қазақстан облыстық сотының 08.11.1999 ж. шешімі Шығыс Қазақстан облыстық сотының 16.07.2001 ж. ұйғарымы | М.Е. Рагозина | 136570 | - |
| 4. | Тараз қалалық соты Орталық сот учаскесінің 30.11.2000 ж. шешімі | В.Н. Шевчик | 50 363 | - |
| 5. | Жамбыл облыстық сотының 24.04.2002 ж. қаулысы | Н.А. Жорғараев | 200 000 | - |
| 6. | Тараз қалалық сотының 05.11.2001 ж. шешімі | Р.Х. Шәріпова | 20 388 | - |
| 7. | Қостанай қалалық сотының 28.02.2002 ж. шешімі | К.А. Сенчилов | 150 388 | - |
| 8. | Өскемен қалалық сотының 23.07.2002 ж. қаулысы Өскемен қалалық сотының 31.05.2002 ж. қаулысы | О.К. Аханаев | 778 538 | - |
| 9. | Ақмола облысы Көкшетау | Г.Н. Войцеховская | 265 162 | - |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қалалық сотының 19.12.2001 ж. шешімі | | | |
| 10. Астана қалалық сотының 04.10.2001 ж. шешімі | "Сағжан" ЖШС | 7 035 306 | - |
| 11. Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 22.06.2001 ж. ұйғарымы | С. Нұрмағамбетов | 600 000 | - |
| 12. Ақтөбе гарнизоны әскери сотының 03.10.2002 ж. қаулысы | Р.И. Тынбаев | | 1 896 563 |
| 13. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 12.11.2002 ж. шешімі | Т.Қ. Жұмақаев | | 1 606 283 |
| Жиыны | | | 13 538 887 |
| Жалпы сомасы | | | 13 538 887 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК